Innotech

Powered by
Arizona State University®

«UNIVERSITY OF INNOVATION AND TECHNOLOGY» «ШЕТЕЛДІК ОҚУ ОРНЫ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

«БЕКІТІЛДІ»
Ғылыми кеңестің шешімі
№ 3 хаттама
«20» 02 2026 ж.
Нурланов Ш.

«UNIVERSITY OF INNOVATION AND TECHNOLOGY» ШЕТЕЛДІК ОҚУ ОРНЫ» ЖШС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ

г. Алматы

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 3
2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР 3
3. МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ 4
4. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ 4
5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ 5
6. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ 5
7. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ 5
8. ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙТІН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ 6
9. УНИВЕРСИТЕТТІҢ МҮЛКІ, РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ РӘМІЗДЕРІ 6
10. ЦИФРЛЫҚ ОРТАДАҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ 7
11. УНИВЕРСИТЕТ ӨМІРІНЕ ҚАТЫСУ 7
12. БҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ЖӘНЕ ҚУДАЛАУДАН ҚОРҒАУ 7
13. КОДЕКСТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК 8
14. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР 8

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Innotech білім алушыларының Этикалық кодексі (бұдан әрі – Кодекс) «University of Innovation and Technology» «Шетелдік оқу орны» ЖШС білім алушыларына (бұдан әрі – Университет, Innotech) қойылатын негізгі этикалық қағидаттарды, мінез-құлық нормалары мен талаптарды айқындайды.

1.2. Кодекс Университеттің барлық білім алушыларына білім беру бағдарламасына, оқу курсына, оқу нысанына және оқу ақысын қаржыландыру көзіне қарамастан, оның ішінде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша Университетте білім алып жүрген студенттерге қолданылады.

1.3. Кодекс мынадай жағдайларда қолданылады:

1) Университет аумағында, оның ішінде оқу ғимараттарында, жатақханаларда (болған жағдайда) және Университеттің өзге де объектілерінде;

2) сабақтар, білімді бақылау нысандары және оқу қызметінің өзге де түрлері кезінде, оның ішінде қашықтан және онлайн форматта;

3) Университет ұйымдастыратын немесе оның қатысуымен өткізілетін іс-шаралар кезінде;

4) оқу практикасы мен тағылымдамадан өту кезінде, сондай-ақ академиялық ұтқырлық кезеңінде;

5) Университет атынан сыртқы іс-шаралар мен алаңдарда өкілдік ету кезінде;

6) осы Кодекстің 10.1-тармағында көрсетілген жағдайларда цифрлық ортада;

7) білім алушының мінез-құлқы университеттік қоғамдастық мүшелерінің қауіпсіздігіне, құқықтары мен заңды мүдделеріне тікелей әсер ететін өзге де жағдайларда.

1.4. Innotech білім алушысы университеттік қоғамдастықтың мүшесі ретінде басқа адамдардың қадір-қасиетін құрметтейді, академиялық мәдениетті және Университеттің іскерлік беделін сақтайды, сондай-ақ өзінің мінез-құлқы үшін жеке жауапкершілік алады.

1.5. Кодекс Академиялық саясатпен, Академиялық адалдық саясатымен, Ішкі тәртіп қағидаларымен, Innotech білім алушыларының бұзушылықтарын қарау және оларға қатысты тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану тәртібімен (бұдан әрі – Тәртіп) және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарымен өзара байланыста қолданылады.

1.6. Кодекстің негізгі қағидаттары – құрмет, адалдық, академиялық адалдық, жауапкершілік, тең құқықтылық, қауіпсіздік, ашықтық және университеттік қоғамдастыққа ұқыпты қарау.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

2.1. Осы Кодексте мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) буллинг – адамға зиян келтіруге, қорқыныш сезімін тудыруға немесе оны қорлауға бағытталған, жүйелі түрде (қайталанып) жүзеге асырылатын кемсіту, қорқыту, балағаттау, оқшаулау немесе оған өзге де қасақана психологиялық не физикалық ықпал ету;

2) кемсітушілік – адамның шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, наным-сеніміне, тұрғылықты жеріне, жасына, денсаулық жағдайына, мүгедектігіне немесе өзге де кез келген мән-жайларға байланысты оның құқықтарын тікелей немесе жанама шектеу, қадір-қасиетін қорлау не оған қолайсыз жағдайлар жасау;

3) қудалау (тиісу) – адамның қадір-қасиетін қорлайтын немесе қорқыту, дұшпандық не қорлау сипатындағы орта қалыптастыратын, физикалық, сөздік, бейвербалды нысанда немесе цифрлық құралдарды пайдалану арқылы жасалатын, оның ішінде сексуалдық сипаттағы, адамға жағымсыз мінез-құлық;

4) кибербуллинг – әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді, электрондық поштаны және білім беру платформаларын қоса алғанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы жасалатын буллинг;

5) аңду – адамға қатысты оның негізді қорқыныш немесе алаңдаушылық сезімін тудыратын қайталанатын жағымсыз әрекеттер (бақылау, оның ішінде цифрлық құралдарды пайдалана отырып, байланыс орнатуға қайта-қайта және орынсыз әрекет жасау);

6) хейзинг – білім алушылар бірлестіктеріне кіру кезінде де жасалуы мүмкін, адамның келісіміне қарамастан жүзеге асырылатын, оның ішінде қорлайтын, қауіпті немесе мәжбүрлеу сипатындағы рәсімдер, «қатарға қабылдау» дәстүрлері мен сынақтар;

7) университеттік қоғамдастық мүшелері – Университеттің білім алушылары мен қызметкерлері, сондай-ақ Университеттің білім беру, ғылыми және өзге де қызметіне қатысатын басқа да тұлғалар.

3. МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ

Innotech білім алушысы:

1) басқа білім алушыларға, оқытушыларға, қызметкерлерге, Университет қонақтары мен серіктестеріне құрметпен қарайды;

2) қорлауға, қадір-қасиетті кемсітуге, дөрекілікке, қорқытуға, үрей туғызуға, буллингке, аңдуға, кемсітушілікке және қудалауға (тиісуге) жол бермейді;

3) қарым-қатынас пен мінез-құлықтың жалпыға бірдей қабылданған мәдени нормаларын, оның ішінде цифрлық ортада сақтайды;

4) басқа адамдардың жеке кеңістікке, қауіпсіздікке, өз пікірін еркін білдіруге және заңды мүдделерін қорғауға деген құқықтарын құрметтейді;

5) балағат сөздерді, қорлайтын қимылдарды және қалыпты білім беру мен жұмыс ортасын бұзатын мінез-құлықтың өзге де түрлерін қолданбайды;

6) білім беру процесіне, қауіпсіздікке және ішкі нормативтік құжаттардың сақталуына қатысты Университеттің уәкілетті қызметкерлерінің заңды әрі негізделген талаптарын орындайды;

7) университеттік қоғамдастықта сенім, өзара құрмет және жауапкершілік ахуалын қалыптастыруға ықпал етеді.

4. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

4.1. Білім алушы оқу тапсырмаларын адал орындайды, білімін бақылаудың барлық нысандарынан өз бетінше өтеді және Университеттің Академиялық адалдық саясатының талаптарын сақтайды.

4.2. Атап айтқанда, төмендегілерге жол берілмейді:

1) көшіріп алу, плагиат, деректер мен нәтижелерді қолдан жасау немесе бұрмалау;

2) басқа тұлғаның жұмысын толық немесе ішінара өз жұмысы ретінде ұсыну;

3) емтиханды, тестілеуді немесе білімді бақылаудың өзге де нысанын басқа тұлғаның орнына тапсыру не басқа тұлғаның өз орнына бақылаудан өтуіне жол беру;

4) емтихан материалдарын рұқсат етілмеген көздерден сатып алу, алу, беру немесе тарату;

5) жеке орындалуы тиіс тапсырмаларды орындау кезінде рұқсат етілмеген ынтымақтастыққа жол беру;

6) оқуға қатысты құжаттарды, ведомостарды, анықтамаларды, жазбаларды немесе өзге де материалдарды қолдан жасау;

7) негізсіз академиялық артықшылықтарға қол жеткізу үшін жеке, туыстық, қызметтік немесе өзге де байланыстарды пайдалану.

4.3. Жасанды интеллект жүйелерін және өзге де цифрлық құралдарды пайдалануға оқытушы, білім беру бағдарламасы және Университеттің ішкі құжаттары белгілеген шектер мен талаптар шегінде жол беріледі. Білім алушы өзі ұсынған жұмыстың мазмұны үшін жауапты болады және тапсырма талаптарында немесе Университет қағидаларында көзделген жағдайда осындай құралдарды пайдаланғанын ашып көрсетуге міндетті.

4.4. Егер нақты тапсырманы орындау кезінде жасанды интеллект жүйелерін пайдалану шарттары белгіленбесе, білім алушы жұмысты тапсырғанға дейін бұл шарттарды оқытушыдан нақтылауға міндетті. Пайдалануға тікелей тыйым салынбағаны білім алушыны жұмыс мазмұнын жасау кезінде осындай құралдарды пайдаланғанын ашып көрсету міндетінен босатпайды.

5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

5.1. Білімді бағалауға, оқуға қабылдауға, ауыстыруға, оқуға қайта қабылдауға, білімді бақылауға жіберуге немесе оқуға қатысты өзге де шешімдерге байланысты Университет қызметкерлеріне ақша, сыйлықтар, қызметтер немесе басқа да игіліктер ұсынуға, уәде етуге немесе беруге, сондай-ақ осындай әрекеттерге делдал болуға жол берілмейді.

5.2. Бопсалау, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға итермелеу немесе сыбайлас жемқорлық сипатындағы өзге де құқық бұзушылықтар фактілері туралы білген білім алушы осы Кодекстің 12-бөлімінде көзделген тәртіппен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретті мемлекеттік органдарға хабарлауға құқылы.

6. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

6.1. Білім алушы уақытты сақтауға, сабақтарға уақтылы қатысуға және білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті талаптарды орындауға міндетті.

6.2. Сабақ барысында оқытуға немесе басқа адамдардың білім алуына кедергі келтіретін әрекеттерге, оның ішінде қатты сөйлесуге, мобильді құрылғыларды оқу мақсатынан тыс пайдалануға, шу шығаруға, сабақты қасақана бұзуға немесе өзге де деструктивті мінез-құлыққа жол берілмейді.

6.3. Сабақ барысында аудио, фото және бейнежазба жасау Қазақстан Республикасының заңнамасын, Университеттің ішкі құжаттарын және оқытушының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

6.4. Білім алушы Университеттің ғимараттары мен үй-жайларына кірудің белгіленген қағидаларын, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын, сондай-ақ зертханалар мен мамандандырылған үй-жайларда мінез-құлық қағидаларын сақтайды.

6.5. Оқу практикасы мен тағылымдамадан өту кезінде, сондай-ақ академиялық ұтқырлық кезеңінде білім алушы қабылдаушы ұйымның ішкі тәртіп қағидалары мен талаптарын да сақтайды.

7. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ

7.1. Білім алушының сыртқы келбеті таза, ұқыпты болуы және білім беру ортасына, өткізілетін сабақтың немесе іс-шараның сипатына, сондай-ақ қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

7.2. Ресми іс-шаралар, сыртқы серіктестермен, мемлекеттік органдардың өкілдерімен, жұмыс берушілермен және Университет қонақтарымен кездесулер өткізілген кезде білім алушыларға іскерлік немесе іскерлік-күнделікті киім үлгісін ұстану ұсынылады.

7.3. Құрамында бейәдеп, қорлайтын немесе кемсітушілік сипаттағы материалдар, зорлық-зомбылыққа шақырулар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келетін өзге де бейнелер мен жазулар бар киімдерді, аксессуарларды және басқа да атрибутиканы пайдалануға жол берілмейді.

7.4. Зертханалық, практикалық, спорттық және қауіпсіздік бойынша арнайы талаптар көзделген өзге де сабақтар кезінде білім алушы белгіленген киім үлгісін сақтауға және қажетті қорғаныс құралдарын пайдалануға міндетті.

7.5. Сыртқы келбетке қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, қауіпсіздік талаптарын және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын ескере отырып, білім алушының жеке ерекшеліктерін құрметтеу негізінде орынды әрі объективті түрде қолданылады.

8. ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙТІН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

Осы Кодекстің 1.3-тармағында көрсетілген жағдайларда төмендегілерге жол берілмейді:

1) зорлық-зомбылық, төбелес, қорқыту, қауіпті мінез-құлық және басқа адамдардың өміріне немесе денсаулығына қатер төндіретін әрекеттер;

2) сексуалдық сипаттағы тиісу, аңду, қорқыту және буллинг;

3) хейзинг, оның ішінде «қатарға қабылдау» рәсімдерін ұйымдастыру және оларға қатысу;

4) зорлық-зомбылықты, терроризмді және экстремизмді насихаттау, сондай-ақ әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни немесе өзге де араздықты қоздыру;

5) есірткі құралдарын және өзге де тыйым салынған заттарды сақтау, тұтыну, дайындау немесе тарату;

6) алкогольдік ішімдіктерді тұтыну және алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де масаң күйде болу;

7) арнайы бөлінген орындардан тыс жерлерде темекі шегу, вейптерді, электрондық темекілерді және өзге де темекі шегу бұйымдарын пайдалану;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Университет аумағына кез келген түрдегі қаруды, оның ішінде атыс қаруын, суық қаруды және электрлі есеңгіреткіш құрылғыларды, пышақтарды және өзге де шаншып-кесетін заттарды, жарылғыш заттарды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін басқа да заттарды, құрылғыларды немесе заттектерді алып кіруге, сақтауға, алып жүруге немесе Университет аумағында пайдалануға;

9) құмар ойындарға қатысу, қаржы пирамидаларын жарнамалау немесе басқа адамдарды осындай схемаларға тарту;

10) университеттік қоғамдастықтың қауіпсіздігіне қатер төндіретін өзге де әрекеттер.

9. УНИВЕРСИТЕТТІҢ МҮЛКІ, РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ РӘМІЗДЕРІ

9.1. Білім алушы Университеттің мүлкіне, үй-жайларына, жабдықтарына, кітапханалық, ақпараттық және цифрлық ресурстарына, сондай-ақ басқа тұлғалардың мүлкіне ұқыпты қарайды.

9.2. Ұрлық жасауға, мүлікті қасақана бүлдіруге, вандализмге, Университеттің жабдықтарын, оқу материалдарын немесе өзге де мүлкін рұқсатсыз алып шығуға жол берілмейді.

9.3. Университеттің компьютерлік, желілік және ақпараттық ресурстары олардың мақсатына және белгіленген ақпараттық қауіпсіздік қағидаларына сәйкес пайдаланылады.

9.4. Университеттің атауын, логотипін және өзге де рәміздерін Университеттің ресми өкілі ретінде әрекет ету немесе оның ресми ұстанымын білдіру туралы әсер қалдыратындай етіп пайдалануға, сондай-ақ Университет атынан сөз сөйлеуге Университеттің уәкілетті бөлімшесінің

рұқсатымен ғана жол беріледі. Бұл шектеу білім алушының Университетте оқитынын көрсетуіне қолданылмайды.

9.5. Университеттің уәкілетті бөлімшесінің рұқсатынсыз Университет атынан, оның аумағында немесе ресурстарын пайдалана отырып, ақша қаражатын жинауға, коммерциялық немесе жарнамалық қызмет жүргізуге жол берілмейді.

10. ЦИФРЛЫҚ ОРТАДАҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

10.1. Білім алушы корпоративтік электрондық поштаны, Университеттің білім беру платформалары мен ақпараттық жүйелерін, сондай-ақ мессенджерлер мен әлеуметтік желілерді оқу топтары мен чаттарында, Университеттің ресми қауымдастықтарында және оқуға немесе Университет қызметіне қатысты мәселелер бойынша университеттік қоғамдастық мүшелерімен өзара әрекеттесу кезінде пайдаланған жағдайда осы Кодекстің нормаларын сақтайды.

10.2. Кибербуллингке, қорқытуға, қорлауға, өзін басқа тұлға ретінде көрсетуге, есептік жазбалар мен жүйелерге рұқсатсыз қол жеткізуге, сондай-ақ заңды негізсіз дербес немесе құпия деректерді таратуға жол берілмейді.

10.3. Білім алушы Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде өз пікірін еркін білдіруге және Университеттің шешімдерін сынға алуға құқылы. Бұл ретте басқа тұлғалардың немесе Университеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын, көрінеу жалған ақпаратты қасақана таратуға жол берілмейді.

10.4. Басқа тұлғалардың қатысуымен түсірілген фото-, бейнематериалдар мен өзге де материалдарды жариялау олардың жеке өміріне құрметпен қарау және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау арқылы жүзеге асырылады.

11. УНИВЕРСИТЕТ ӨМІРІНЕ ҚАТЫСУ

11.1. Білім алушы Университеттің дәстүрлерін құрметтейді, студенттік өзін-өзі басқарудың, ғылыми, білім беру, мәдени, спорттық, кәсіпкерлік және қоғамдық белсенділіктің дамуына ықпал етеді.

11.2. Егер білім беру бағдарламасында немесе Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында өзгеше көзделмесе, студенттік бірлестіктер мен іс-шараларға қатысу ерікті болып табылады.

11.3. Innotech атынан сыртқы іс-шараларға, конкурстарға, конференцияларға, жарыстарға және өзге де алаңдарға қатысатын білім алушы адал әрі құрметпен әрекет етеді және өзінің мінез-құлқы Университеттің іскерлік беделіне әсер ететінін түсінеді.

12. БҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ЖӘНЕ ҚУДАЛАУДАН ҚОРҒАУ

12.1. Білім алушы осы Кодекстің бұзылуы туралы, оның ішінде тиісу, буллинг, кемсітушілік және сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы Мектеп деканатына, Университеттің білім алушылармен жұмыс жөніндегі бөлімшесіне немесе Университеттің өзге де уәкілетті қызметкеріне жазбаша түрде, оның ішінде Университеттің ресми электрондық арналары арқылы хабарлауға құқылы.

12.2. Бұзушылық туралы хабарлама құпиялылық сақтала отырып қаралады. Хабарлама берген тұлға туралы мәліметтер хабарламаны қарау үшін қажетті көлемде ғана немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жария етіледі.

12.3. Бұзушылық туралы адал ниетпен хабарлаған немесе оны қарауға куә ретінде қатысқан тұлғаға қатысты қудалауға, қысым көрсетуге, қорқытуға немесе өзге де қолайсыз әрекеттер жасауға жол берілмейді. Мұндай әрекеттер осы Кодексті дербес бұзу болып табылады.

12.4. Басқа тұлғаға зиян келтіру мақсатында көрінеу жалған бұзушылық туралы хабарлама жасау осы Кодексті бұзу болып табылады. Қарау нәтижесінде расталмаған хабарлама өздігінен көрінеу жалған деп танылмайды.

12.5. Адамдардың өміріне, денсаулығына немесе қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіретін мінез-құлықтың куәсі болған білім алушы бұл туралы Университеттің уәкілетті қызметкеріне немесе қызметіне дереу хабарлауға, ал қажет болған жағдайда құзыретті мемлекеттік органдарға хабар беруге міндетті.

13. КОДЕКСТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

13.1. Осы Кодексті сақтау Innotech білім алушысының жауапты мінез-құлқының ажырамас бөлігі болып табылады.

13.2. Осы Кодекстің талаптарын бұзу Университеттің Тәртібінде және өзге де ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен білім алушыны тәртіптік жауапкершілікке тартуға негіз болуы мүмкін.

13.3. Бұзушылықты саралау, істің мән-жайларын қарау және тәртіптік жазаларды қолдану тек Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

13.4. Осы Кодексті бұзу мәселесі қаралып жатқан білім алушы Тәртіпте белгіленген құқықтарды пайдаланады. Оның ішінде өзіне тағылған бұзушылықтың мәнін білуге, іс материалдарымен танысуға, өз түсініктемесін беруге және қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы.

13.5. Білім алушының басқа тұлғаның пікірімен, шешімімен немесе ұстанымымен келіспеу фактісінің өзі, егер келіспеушілікті білдіру нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Кодекске сәйкес келсе, Кодексті бұзу болып табылмайды.

14. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

14.1. Осы Кодекс Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі және бекітілген күнінен бастап күшіне енеді.

14.2. Осы Кодексте өзгерістер мен толықтырулар Университетте белгіленген тәртіппен енгізіледі.

14.3. Кодекс Университеттің ресми ақпараттық ресурстары және/немесе өзге де белгіленген коммуникация арналары арқылы білім алушылардың назарына жеткізіледі. Білім алушы Университетке қабылданған кезде Кодекспен танысқанын растайды. Бұл растау Кодексте сілтеме қамтылған білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасу арқылы немесе Университеттің ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылуы мүмкін. Кодекспен танысқаны туралы растаудың болмауы, егер Кодекс білім алушының назарына тиісті түрде жеткізілген болса, оны Кодексті сақтау міндетінен босатпайды.

14.4. Кодекстің ережелерін түсіндіруді және оны қолдану мәселелері бойынша білім алушыларға консультация беруді Университеттің білім алушылармен жұмыс жөніндегі бөлімшесі жүзеге асырады. Кодекс қажеттілігіне қарай, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе осы Кодекстің ережелеріне қатысты Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізілген жағдайда қайта қаралады.

14.5. Осы Кодекспен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.